

Сертификаттау курсының бағдарламасы

Бағдарлама паспорты

Білім беру бағдарламасын әзірлеушінің білім және ғылым ұйымының атауы	«С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Куәлік ИА № АА 0244 от 26.05.2023ж.
Қосымша білім беру түрі (<i>біліктілікті арттыру/сертификаттау курсы/формальды емес білім беру шарасы</i>)	Сертификаттау курсы
Бағдарлама атауы	Анестезиология және реаниматология (балалардың)
Мамандықтың және (немесе) маманданудың атауы (<i>мамандықтар мен маманданулар номенклатурасына сәйкес</i>)	Мамандық: Анестезиология және реаниматология (ересектер). Анестезиология және реаниматология (ересектер) (амбулаториялық-емханалық ұйымдар және ұйымдар үшін ауылдық елді мекендерде, оның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде орналасқан). Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер). Анестезиология және реаниматология (токсикология) (ересектер). Кезек күттірмейтін медицина ересектердің, балалардың. Жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек. Мамандандырулар: Анестезиология және реаниматология (балалардың)
Білім беру бағдарламасының деңгейі (<i>базалық, орта, жоғары, мамандандырылған</i>)	Базалық
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7
Білім беру бағдарламасының алдыңғы деңгейіне қойылатын талаптар	Жоғары медициналық білімі бар. Интернатура. Резидентура/қайта даярлау. Мамандықтар бойынша дәрігерлер: Анестезиология және реаниматология (ересектер). Анестезиология және реаниматология (ересектер) (амбулаториялық-емханалық ұйымдар және ұйымдар үшін ауылдық елді мекендерде, оның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде орналасқан). Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер). Анестезиология және реаниматология (токсикология) (ересектер). Кезек күттірмейтін медицина ересектердің, балалардың. Жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек.
Бағдарламаның ұзақтығы кредитпен (сағатпен)	15 кредит (450ак.сағат)
Оқыту тілі	Орыс тілінде. Қазақ тілінде.
Өткізу орны	Кафедраның клиникалық базасы
Оқыту форматы	Күндізгі
Мамандандыру бойынша берілетін біліктілік	Балалар дәрігер анестезиолог-реаниматолог

(сертификаттау курсы)	
Оқуды аяқтағаннан кейінгі құжат (сертификаттық курс туралы куәлік, біліктілікті арттыру туралы куәлік)	Қосымшасы бар сертификаттық курс туралы куәлік (транскрипт)
Сараптама ұйымының толық атауы	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ «Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың» комитеті «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ, 10.06. 2025 ж. № 9 хаттама «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ жанындағы Онкология, Анестезиология және реаниматология ЖБТ 11.06.2025 ж. № 9 хаттама
Сараптамалық қорытындыны жасау күні	08.06.2025ж.
Сараптама қорытындысының қолданылу мерзімі	3 жыл

Сертификаттау курсының бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік сілтемелер:

1. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы.
2. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы.
3. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы.
4. «Қазақстан Республикасында анестезиологиялы және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 78 бұйрығы.
5. «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығы.

Әзірлеуші туралы мәлімет:

Лауазымы	Т.А.Ә	Байланыстар: e-mail
Әзірленді		
М. ғ. д., ҚазҰМУ балалар хирургиясы кафедрасының профессоры	Сепбаева А.Д.	a.sepbaeva@mail.ru
М,ғ,к., ҚазҰМУ балалар хирургиясы кафедрасының доценті	Султанкулова Г.Т.	Arai_00.0@mail.ru
ҚазҰМУ балалар анестезиологиясы және қарқынды емі кафедрасының профессорының ассистенті	Турлекиева Ж.М.	turlekiewa@mail.ru

СК ББ бағдарламасы «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ»КеаҚ балалар анестезиологиясы және қарқынды терапия кафедрасының отырысында талқыланды

Лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болған жағдайда)	Т.А.Ә	Хаттаманың №, күні
---	-------	--------------------

Балалар анестезиологиясы және карқынды емі кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы	Сүйеубеков Б.Е.	21 ақпан 2025 ж. № 8 хаттама
---	-----------------	---------------------------------

СК ББ сараптамалық бағасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынш ОӘБ, «Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың» комитетінің отырысында талқыланды

Лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болған жағдайда)	Т.А.Ә	Хаттаманың №, күні
Комитетінің төрағасы	Чурсин В.В.	10.06.2025ж. № 9 хаттама

СК ББ сараптамалық бағасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынш ОӘБ, «Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың» комитетінің отырысында талқыланды

Сарапшының лауазымы, жұмыс орны, лауазымы (бар болса).	Т.А.Ә	Күні, хаттама №
Комитетінің төрағасы	Чурсин В.В.	11.06.2025ж. № 9 хаттама

СК ББ бағдарламасы, сараптама актісі және талқылау хаттамасы қоса беріледі.

СК ББ бағдарламасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ 2025жылғы 00 _____ отырысында мақұлданды, № 00 хаттама (СК ББ жобасы ОӘБ сайтында, АЖ Каталогында орналастырылған).

Сертификаттау курс бағдарламасының паспорты

Бағдарлама мақсаты:

Стационарлық және шұғыл жағдайларда балаларға білікті анестезиологиялық және реанимациялық көмек көрсету, оның ішінде анестезияны, ауыр жағдайларды диагностикалауды және емдеуді, қарқынды терапияны қамтамасыз етуді, өмірлік маңызды функцияларды бақылауды және қолдауды қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіби құзыретті дәрігерді дайындау.

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:

Бағдарлама анестезиолог-реаниматолог (балалар) біліктілігінің талаптарына, кәсіптік стандарттың 7.2 пункті және анестезиологиялық және реаниматологиялық көмекті ұйымдастыру стандартының (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің №78, 26.04.2023ж бұйрығы) талаптарына сәйкес терең білімді, клиникалық дағдыларды және кәсіби ойлауды дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі элементтерін келісу:

№/п	Оқу нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқу әдісі
1	Балаларға анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді және клиникалық хаттамаларды қолданады	Тестілеу, Клиникалық жағдайды талқылау Топтық жобаны бағалау	Семинар Практикалық сабақ Шағын топтардағы жұмыс
2	Клиникалық-зертханалық диагностиканың заманауи әдістерін қолдана отырып, балалардың ауыр жағдайларын анықтай алады	Пациенттер курациясы OSCE/ОСКЭ Медициналық құжаттаманы ресімдеу сапасын бағалау Топтық жобаны бағалау	Науқастарды курациялау және клиникалық бақылау Симулянттық сабақ Клиникалық сценарийді талдау
3	Дәрілік емді тағайындайды және негіздейді, емдеудің барлық кезеңдерінде дәлелді медицина қағидаларын қолданады	Mini-клиникалық сұхбат/(Mini-CEX) Портфолио бағалау Ауру тарихын талдау	Клиникалық хаттамалар бойынша семинар Әдебиетпен жұмыс Науқас төсегі жанында тәжірибелік сабақ
4	Өртүрлі клиникалық жағдайларда науқастармен, оның отбасы мүшелерімен және денсаулық сақтау қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді	Бағалау 360 ⁰ Өзара байланысты бақылау Стандартталған науқас	Тренинг / рөлдік ойын / іскерлік ойын/ кері байланыс/рефлексия
5	Медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қауіптерді бағалайды	Клиникалық симуляция Сараптамалық бағалау Қателіктерді сараптау Жазбаша тапсырма	Интерактивті сабақ Симулянттық тренинг Клиникалық

№/п	Оқу нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқу әдісі
	және ең тиімді әдістерді қолданады		сценарийді талдау

Сертификаттау курсы бағдарламасын іске асыру жоспары

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтар	СӨЖ	
1.	1 Модулі. Педиатриядағы қарқынды терапия. Күрделі жағдайлардың негізгі синдромдарының клиникалық физиологиясы-1	11	36	30	79	39	195 часов
1.1	Жедел тыныс жетіспеушілігі. Балалардағы тыныс алу жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. Тыныс алу және газ алмасу биомеханикасы. Жедел тыныс жетіспеушілігінің физиологиялық механизмдері. Қарқынды терапия принциптері	2	6	6	10	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейстерді талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.2	Өкпені жасанды желдету. ӨЖЖ параметрлері. Желдету режимдері. Желдетудің қосалқы режимдері. ӨЖЖ балаларды бақылау және күту.	1			8	2	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Жасанды өкпені желдету аппаратымен жұмыс 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
1.3	Қанның макро және микроциркуляция жүйесі. Қанның реологиялық қасиеттерінің бұзылуы. Гемодинамиканың биофизикасы. Гиповолемияның физиологиялық аспектілері, шок және		3		2	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.4	Жедел жүрек-тамыр жеткіліксіздігі. Балалардағы жүрек-тамыр жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. Жедел сол жақ қарыншалық жеткіліксіздік(өкпе ісінуі), жедел оң қарыншалық жеткіліксіздік. Кардиогенді шок	2	6	6	10	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.5	Жүрек-өкпе реанимациясының негізгі принциптері (Basic Life Support - BLS). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Pediatric advanced)		6	6	3	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Негізгі және кеңейтілген жүрек-өкпелік реанимация жүргізу 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
1.6	Балалардағы жүрек ырғағының бұзылуы (брадикардия, тахикардия, экстрасистолия, жыпылықтаушы аритмия, жыбыр және фибрилляция)	1			2	2	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.7	Су-электролит балансының бұзылуы, физиология және патология. Инфузиялық трансфузиялық терапия. Парентеральды тамақтану	1		6	8	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.8	Қышқыл-негіз балансының бұзылуы			6		3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
1.9	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі. Бүйректі алмастыратын терапия принциптері	1			3	2	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.10	Бауырдың жедел жеткіліксіздігі. Бауыр комасы	1			3	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
	Аралық бақылау				6		
	Педиатриядағы қарқынды терапия. Күрделі жағдайлардың негізгі синдромдарының клиникалық физиологиясы-2						
1.11	Қан жүйесінің зақымдануы. Гемолитикалық-уремиялық синдром, ТШҚҰ синдромы. Гемотрансфузиялық реакциялар және асқынулар		6		6	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
1.12	Терморегуляцияның бұзылуы, гипертермиялық синдром, қатерлі гипертермия			3	3	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.13	Жедел улану кезіндегі қарқынды терапия принциптері. Дифференциалды диагностика. Жедел терапия. Экстракорпоралды детоксикация әдістері		3	3	3	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
1.14.	Балалардағы жалпыланған инфекциялар. Бактериялық, вирустық және саңырауқұлақ инфекциясы. Сепсис. Септикалық шок. Сепсисті емдеуге арналған халықаралық ұсыныстар	1	6		3		1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
1.15	Неврологиялық бұзылулар. Кома және кома жағдайлары. Апалликалық синдром. Мидың өлімі. Мидың ісінуі. Конвульсиялық синдром	1			3	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
	Аралық бақылау				6		
2.	2 Модулі. Жаңа туған нәрестелер мен шала туылған нәрестелерге қарқынды терапия	2	12	6	19	15	54 часа
2.1	Жаңа туған нәрестенің перзентханадағы алғашқы реанимациясы (жүрек-өкпе реанимациясының принциптері, алгоритм, командада жұмыс істеу). Перзентханада жаңа туған нәрестелерді тұрақтандыру	1	3		5	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық сценарийді талдау: нәрестелерге ЖӨР жүргізу 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
2.2	Респираторлық дистресс синдромы, меконий аспирация синдромы, тұрақты өкпе гипертензиясы, бронх-өкпелік дисплазия, ауа ағып кету синдромы. Қарқынды терапия			3		3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Анализ нәтижелерін талдау, ЖӨЖ режимін таңдау және қарқынды ем үлгісін құрастыру 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
2.3	Шала туылған нәрестелердің қарқынды терапиясының ерекшеліктері, күтімнің негізгі принциптері. Орталық және перифериялық тамыр катетерлерін қою. Неонатологиядағы шұғыл жағдайларды ультрадыбыстық диагностикалау.		6		6	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық жағдайды жеке және топтық талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
2.4	Туа біткен ақаулары бар нәрестелерге көмек көрсету алгоритмі (өңеш атрезиясы, диафрагматикалық жарық, гастрошизис, эмбриональды жарық, ішек өтімсіздігі). Туа біткен жүрек ақауларына арналған қарқынды терапия алгоритмі.		3	3		3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Көкет жарығы және өңеш атрезиясы кезінде көрсетілетін көмек алгоритмін талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
2.5	Жаңа туылғандардағы гипербилирубинемия. Қарқынды терапия. Қанды ауыстырып құю операциясы.	1			2	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Алмастырмалы қан құюға көрсеткіштерді бағалау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
	Аралық бақылау				6		
3.	3 Модулі. Педиатриялық анестезиология	11	41	23	84	36	195 часов
3.1	Балалар анестезиологиясының жалпы мәселелері. Анестезияға арналған құралдар мен жабдықтар. Наркоз құралдары.	1		3	5	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Наркоздық аппараттың жұмысын тексеруден өткізу чек-листін құрастыру 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
3.2	Анестезиология және қарқынды терапиядағы мониторинг инвазивті және инвазивті емес (оксигенация, желдету, қан айналымы, ОЖЖ, термометрия мониторингі). Анестезия тереңдігін мониторингі	1	3		11	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Мониторинг көрсеткіштерінің интерпретациясы 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.3	Педиатриялық анестезиологиядағы манипуляциялар	1	3	2	5	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті жеке және топтық талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.4	Жалпы жансыздандырудың компоненттері мен кезеңдері. Анестезия түрлерінің классификациясы. Операция алдындағы дайындық	1	6			3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Есептеулер: балалар анестезиологиясында есептер 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
3.5	Ингаляциялық анестезия. Ингаляциялық анестетиктердің жалпы сипаттамасы. Галогені бар анестетиктер, газ анестетиктері. Төмен және аз ағынды анестезия әдісі	2	6		6	3	1 Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Ингаляциялық анестетик түрін таңдау және оның көрсеткіштерін есептеу 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.6	Анестетиктер, есірткі анальгетиктері, бұлшықет босаңсытқыштары. Көктамыр ішілік анестезия. Аралас анестезия.		6	3	5	3	1 Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Дәрі-дәрмектерді таңдау, олардың дозасын есептеу, қауіп-қатерлерді анықтау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
	Аралық бақылау				6		

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
3.7	Аймақтық анестезия. Аймақтық анестезияның түрлері (орталық және перифериялық)	1	5	3	3	3	1 Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Балалардағы регионарлы анестезияны таңдау, дозасын есептеу 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.8	Бала жасындағы жеке анестезиологияның мәселелері	1	6		10	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті таңдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.9	Балалардағы анестезияның асқынулары	1		6	5	3	1 Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Сцентарий: анестезияның жедел асқынулары (ларингоспазм, анафилаксия, гипотермия) 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс

№	Тақырып / бөлім / пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	практикалық сабақтары	СӨЖ	
3.10	Жаңа туған нәрестелер мен шала туған нәрестелердің анестезиясы	1		6	8	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Шала туған нәрестеге анестезия түрін таңдау, жоспарлау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.11	Амбулаториялық анестезия	1			8	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
3.12	Балалардағы ауырсыну мәселесі. Операциядан кейінгі ауырсынуды басу әдістері мен тәсілдері		6		6	3	1. Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде пациенттерді жүргізу; 2. Клиникалық кейсті талдау 3. Медициналық құжаттаманы ресімдеу; 4. Стационардағы кесте бойынша кезекшілік 5. Тақырып бойынша әдебиеттермен жұмыс
	Аралық бақылау				6		
	Барлығы:	24	92	62	182	90	
	Қорытынды:	450 сағат					

Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Бақылау түрі	Бағалау әдісі
Ағымдағы	Тапсырмаларды бағалау
Аралық	CbD, MCQs, MiniCEX
Қорытынды	1 кезең. Білімді бағалау 2 кезең. Дағдыларды бағалау

Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	%-қ мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ұсынылатын әдебиет:

Негізгі:

1. Morgan and Mikhail's Clinical Anesthesiology - John Butterworth, David Mackey, John Wasnick. 2022 - Paperback | 1456 pages
2. Pediatric and Adult Anesthesiology Simulation Education : A Curriculum for Residents - Claire Sampankanpanich Soria, Edited by Suraj Trivedi. 2022 - Hardback | 329 pages
3. Pediatric Anesthesiology - Esmira Nasibova. 2021 - Paperback | 148 pages
4. Pediatric Anesthesiology Review: Clinical Cases for Self-Assessment - Robert S. Holzman
5. Thomas J. Mancuso, Joseph P. Cravero, James A. Dinardo. 2021 - Paperback | 791 pages
6. Anesthesiology Critical Care Board Review - George W. Williams, Edited by Navneet Kaur Grewal, Edited by Marc J. Popovich. 2019 - Paperback | 248 pages
7. Anesthesiology: Critical Care and Pain Management - Dennis Hanks. 2019 - Hardback | 297 pages

Қосымша:

1. Заболотских И.Б., Проценко Д.Н. - Интенсивная терапия. Национальное руководство. Том 1. 2-е издание// 2022
2. Шурыгин И.А- Искусственная вентиляция легких как медицинская технология// 2020
3. Геккиева А.Д - Скорая и неотложная помощь. Общие вопросы реаниматологии //2021
4. Овечкин А.М., Яворский А.Г. - Безопиоидная аналгезия в хирургии: от теории к практике//2018
5. Заболотский Д.В - Периферические регионарные блокады//2017
6. Anesthesiology, Third Edition - David Longnecker, Mark Newman, Warren Zapol, Warren Sandberg, Sean Mackey. 2017 - Hardback | 1696 pages
7. Pediatric Critical Care: Text and Study Guide - Steven E. Lucking, Edited by Frank A. Maffei, Edited by Robert F. Tamburro, Edited by Arno Zaritsky. 2021 - Paperback | 1621 pages
8. Fuhrman and Zimmerman's Pediatric Critical Care - Jerry J. Zimmerman, Alexandre T. Rotta. 2021 - Hardback | 1664 pages
9. Evidence-Based Practice in Perioperative Cardiac Anesthesia and Surgery - Davy C.H. Cheng, Edited by Janet Martin, Edited by Tirone David. 2020 - Paperback | 769 pages.

Интернет-ресурстар:

1. www.rcrz.kz (клиникалық хаттамалар)
2. PubMed Central (PMC) – АҚШ Ұлттық медицина кітапханасының биомедициналық журналдарының толық мәтінді мұрағаты <http://www.pubmedcentral.nih.gov>
3. Web – медицина <http://webmed.irkutsk.ru>
4. Орыс медициналық журналы <http://www.rmj.ru>
5. Consilium medicum журнал жинағы <http://www.consilium-medicum.com>
6. www.medportal.ru – соңғы жаңалықтар, пікірлер, ғылыми мақалалар, пресс-релиздер. Сайтта танымал ғылыми мақалалардың мұрағаты бар, "Мед энциклопедиясы" бөлімі бар.
7. <http://www1.worldbank.org/hnp/publichealth.asp>
8. <http://www.undp.org>
9. <http://www.who.int>
10. <http://www.euro.who.int/observatory>

Білім беру ресурстарына қойылатын талаптар:

- Сертификаттау курсының білім беру бағдарламасы (ӨБК);
- Кадрларға қойылатын біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы No ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы);

- Клиникалық базаның болуы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы);
- Көрнекі құралдар: слайдтар, кестелер, суреттер, диаграммалар және графиктер;
- Оқу-әдістемелік құралдар: топтық жобаға тапсырмалар, шағын топтарда жұмыс істеуге арналған сұрақтар, жеке тапсырмалар.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтау:

- Техникалық құралдар: дербес компьютер, оқу материалдары бар электронды тасымалдағыштар;
- Интернет;
- Тыңдаушыларға арналған үлестірме материал.

Оқу іс-әрекеті (рефлексивтік тәжірибе):

- Талқылау;
- Жазбаша тапсырмалар;
- Мысалдар мен сценарийлер.

Қолданылатын қысқартулар мен терминдер:

AA – Медициналық құжаттаманы ресімдеу сапасын бағалау (AA – Audit Assessment Tool)

CbD – Клиникалық жағдайды талқылау (CbD – Case based Discussion)

CS – Жағдайларды талдау (CS – case study) – CWS (Clinical Work Sampling)

DOPS – Практикалық процедураларды меңгеруді бағалау (DOPS – Direct Observation of Procedural Skills)

PeerPA – Өріптестерді бағалау (PeerA – Peer Assessment)

OR (Oral report) – Презентация, ауызша баяндама

PF (portfolio) – Портфолио

SC (short case) – Ауызша жауаппен қысқа кейс

SGL (small group learning) – Шағын топтардағы жұмыс

SP (standart patient) – Стандартталған пациентпен жұмыс

Қорытынды бақылауға дайындалуға арналған сұрақтар(ӨБҚ):

1. Балалардағы жедел тыныс алу жеткіліксіздігі дегеніміз не және оның негізгі себептері қандай?
2. Балаларда өкпенің жасанды вентилиациясын (ӨЖВ) бастау көрсеткіштері қандай?
3. Жаңа туған балаларда ӨЖВ параметрлерін орнату ерекшеліктерін сипаттаңыз.
4. Балаларда ӨЖВ тиімсіздігінің белгілері қандай?
5. Балаларда жедел жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігінің анықтамасы мен жіктемесін беріңіз.

6. Ерте жастағы балаларда гемодинамиканың физиологиялық ерекшеліктері қандай?
7. Әртүрлі жастағы балаларға арналған негізгі жүрек-өкпе реанимациясының (ЖӨР) принциптері қандай?
8. Педиатриялық реанимациядағы ABC алгоритміне не кіреді?
9. Балаларда суправентрикулярлық тахикардияның клиникалық белгілері мен емдеу әдістерін сипаттаңыз.
10. Қандай аритмиялар балалар үшін ең қауіпті және шұғыл араласуды талап етеді?
11. Гиповолемиялық шок кезінде балаларға қандай инфузиялық терапия түрлері қолданылады?
12. Жаңа туған нәресте мен жасөспірімдегі инфузиялық сұйықтық көлемін есептеу арасындағы айырмашылық қандай?
13. Балаларда жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын көрсететін зертханалық көрсеткіштер қандай?
14. Гемолитико-уремиялық синдромның сатылары және негізгі емдеу тәсілдерін сипаттаңыз.
15. Балаларда қатерлі гипертермия дегеніміз не, оның патофизиологиясы және емі қандай?
16. Балаларда жиі кездесетін улану түрлері және алғашқы көмек көрсету алгоритмі қандай?
17. Балалардағы шоктың негізгі түрлерін анықтап, әрқайсысына клиникалық мысал келтіріңіз.
18. Балаларда септикалық шокты емдеу принциптері қандай?
19. Балаларда команың жіктелуі және дифференциалды диагностика принциптері қандай?
20. Жаңа туған нәрестелердегі тыныс алу бұзылыстары синдромы (РДС) дегеніміз не және оны емдеу принциптері қандай?
21. РДС кезінде сурфактанттың патогенетикалық рөлі қандай?
22. Жаңа туған нәрестелердегі гипербилирубинемия түрлері және фототерапияға көрсеткіштер қандай?
23. Жаңа туған нәрестелерге жалпы анестезия жүргізудің ерекшеліктері: дайындық, қауіптер, бақылау.
24. Аға жастағы балалардағы анестезия принциптері нәрестелермен салыстырғанда қалай өзгереді?
25. Балалар реанимация бөлімінде седация мен ауыруды басуға жиі қолданылатын дәрілер қандай?
26. ӨЖВ-ден кейін баланы экстубациялаудың сәтті болғанын көрсететін критерийлер қандай?
27. Балалардағы SIMV және PSV ӨЖВ режимдері арасындағы айырмашылық қандай?
28. Шоктың әртүрлі түрлерінде балаларда жүрек шығымы қалай өзгереді?
29. Балаларда перфузия бұзылыстарының клиникалық белгілері қандай?
30. Балалар реанимациясында орталық гемодинамиканы бағалау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

31. Асфиксиясы бар жаңа туған балаға жүрек-өкпе реанимациясын жүргізудің ерекшеліктері қандай?
32. Балаларда қарыншалық фибрилляцияны емдеудің ерекшеліктері қандай?
33. PALS ұсыныстарына сәйкес балалардағы брадикардияны емдеу алгоритмін сипаттаңыз.
34. Метаболикалық ацидоз кезіндегі балаларға арналған инфузиялық терапияда қандай ерітінділер ұсынылады?
35. Балаларда жедел бүйрек жеткіліксіздігі кезінде гемодиализге көрсеткіштер қандай?
36. Анестезия кезінде балаларда қатерлі гипертермияны дифференциациялау қалай жүргізіледі?
37. Балаларда парацетамолмен уланудың негізгі көріністері және алғашқы көмек алгоритмі қандай?
38. Балаларда нейрогендік шок пен жұлын шоғының айырмашылығы неде?
39. Жаңа туған нәрестелерде билирубин деңгейін бақылау және түзету қалай жүргізіледі?
40. Балаларда аймақтық анестезия жүргізудің қауіптері мен ерекшеліктері қандай?
41. Балаларда эндотрахеалды түтікшенің орналасуын растаудың негізгі кезеңдері қандай?
42. Балаларда тыныс алу жеткіліксіздігінің ауырлығын бағалауда қандай параметрлер қолданылады (мысалы, оттегі индексі)?
43. Жаңа туған нәрестелер мен аға жастағы балалардағы септикалық шоктың ерекшеліктері қандай?
44. Балаларда жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігінде вазоактивті препараттарды қолдану көрсеткіштері қандай?
45. Балаларда кардиогендік шоктың ерекшеліктерін атаңыз.
46. Балаларда жедел бүйрек жеткіліксіздігі кезінде жиі кездесетін электролиттік бұзылыстар қандай?
47. Балаларда күйіктер кезінде инфузиялық терапия үшін сұйықтық дозасын есептеу қалай жүргізіледі?
48. Қайта қоректендіру синдромы дегеніміз не және ауыр науқастарда ол қалай көрінеді?
49. Балаларда жұлын анестезиясын жүргізуге қарсы көрсеткіштер қандай?
50. Балалар анестезиологиясында қатерлі гипертермияның алдын алу шаралары қандай?